otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank арқылы жазылу

№91 (10598) 27 ҚАЗАН, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЖАҢАРҒАН ВОКЗАЛ – жолаушыларға жайлы орта



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛДАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН АБАТТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ АЯСЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАРДЫҢ БІРІ – МАҢҒЫСТАУ ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ.

Голрох ЖЕМЕНЕЙ

Маңғыстау станциясының темір жол вокзалы 1969 жылдан бері өңірдің маңызды көлік нысандарының бірі болып келеді. Қайта жаңғырту нәтижесінде ғимараттың сыртқы келбеті де, ішкі инфрақұрылымы да айтарлықтай өзгерді. Бұған дейін жариялаған мәлімет бойынша вокзал кешенінің жалпы аумағын 763,7 шаршы метрден 8 899 шаршы метрге дейін ұлғайту жоспарланды. Бұл – бұрынғы көрсеткіштен 11 есе үлкен.

Салтанатты рәсімге ҚР Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, темір жол саласының ардагерлері, аудан тұрғындары мен қонақтары қатысты.

Іс-шара барысында Қазақстан Республикасы Көлік вице-министрі Жәнібек Тайжанов темір жол вокзалдарын жаңарту жолаушылар инфрақұрылымын жетілдіруде және жолаушыларға қызмет көрсетудің заманға сай жағдайларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Еліміздің негізгі темір жол магистральдарының бірінде орналасқан вокзалды жаңғырту өңірдің экономикалық және туристік әлеуетін дамытуға, сондай-ақ Қазақстанның барлық облыстарын халықаралық көлік дәліздерімен байланыстыратын логистикалық жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретінін жеткізді. Аймақ басшысының айтуынша, бұл жоба халықаралық транзит желісін жаңғыртудың кезекті кезеңі ғана емес, облыстың көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеретін маңызды бастамалардың бірі болмақ. Жобаны жүзеге асыру пойыздардың өткізу қабілетін айтарлықтай арттырып, жол қозғалысының қауіпсіздігін күшейтуге және жүздеген мың жолаушы үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл – көлік инфрақұрылымын дамытуға, өңір экономикасының өсуіне әрі азаматтарымыздың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды инвестиция.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде темір жол вокзалдарын жаңғырту бағытында жүйелі жұмыстар жасалып жатыр. Бүгін сол игі бастаманың аясында «Маңғыстау» темір жол вокзалы жаңарып, ел игілігіне беріліп отыр. Өз басым Маңғыстау вокзалын ең әдемі әрі ерекше нысандардың бірі деп санаймын. Маңғыстау темір жолының тарихында аянбай еңбек етіп, темір жол саласының дамуына үлес қосқан ардагерлерге ерекше алғысымды білдіремін. Жаңарған вокзал маңғыстаулықтар мен өңіріміздің қонақтарына сапалы қызмет көрсетіп, халық игілігіне ұзақ жылдар бойы қызмет етсін, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

(Жалғасы 9-бетте)



Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 29 қарашада Қазақстан Республикасының мәслихаттары депутаттарының кезектен тыс сайлауы өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша сайлау округінің тиісті сайлау учаскелері аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей, яғни 2026 жылғы 29 қазанға дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты ол дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 13 қарашадан бастап сайлаушыларға нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміндегі немесе тиісті әкімдіктің колл-орталығы арқылы өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

ӘРІПТЕСТІК АЯСЫ КЕҢЕЙЕДІ



МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ АҚТАУДАҒЫ БАС КОНСУЛЫ РИНАТ АНДЕРЖАНОВПЕН КЕЗДЕСТІ. ТАРАПТАР САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУ, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ ДАМЫТУ ЖӘНЕ КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ.

Кездесу барысында агроөнеркәсіп кешені мен балық шаруашылығының әлеуетін арттыру, өндірісті дамыту және өңір экономикасын әртараптандыру мәселелері қаралды. Сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықты кеңейтіп, бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері сөз болды.

Облыс әкімі Ресей Федерациясы Маңғыстау облысының сыртқы сауда байланыстарындағы маңызды серіктестердің бірі екенін айтты.

– Ресей Федерациясы – облыстың сыртқы сауда байланыстарындағы маңызды серіктестердің бірі. Біз өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделіміз. Сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге, инвестициялық жобаларды іске асыруға және жаңа бағыттар бойынша серіктестікті нығайтуға бағытталған бастамаларды қолдауға дайынбыз, – деді облыс әкімі.

Ресей Федерациясының Ақтаудағы бас консулы Ринат Андержанов екіжақты ынтымақтастықтың әлеуетіне тоқталып, алдағы уақытта да өзара іс-қимыл нәтижелі жалғасатынына сенім білдірді.

Айта кетейік, қазіргі таңда Маңғыстау облысында Ресей капиталының қатысуымен экономиканың түрлі салаларында жұмыс істейтін 589 кәсіпорын тіркелген. Биылғы сегіз айдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы мен Ресей Федерациясы арасындағы сыртқы сауда айналымы 110 млн АҚШ долларын құрады.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

БҮГІНГІ САНДА



ӨРТ СӨНДІРУШІНІҢ БІР КҮНІ

12